

ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	14.11-18.11.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл қўймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әнгімелесу.				

әңгімелесу, кенес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін істәжірибеде орындауға дағдыландыру.	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге қарау дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен күралдарды реттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (курап қалған жапырактарды алғып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолғабыс етуге тәрбиелу.	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сұртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілудійрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелу.
	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.	Үстел үсті ойыны, мозаика. "Жабайы андар".	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.	Санамақтар айтқызу. Қасқыр қақты	"Сипаттама бойынша анды таны"

	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қымылын, қалай дыбыстытайтынын және дene мүшелерін суреттеп айтуда, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</p> <p>"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Конжық орманда жүреді" қымыл жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қымыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймандайды,</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру;</p> <p>балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.</p> <p>"Бір сөзбен ата" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және оларды бір сөзбен</p>	<p>қақпаны. - Ашындар, тез! - айтқаны.</p> <p>Сол-ақ еken лақтар-Титтей-титтей шұнақтар</p> <p>Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына кереует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде?</p> <p>"Нениң төлі?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру,</p>	<p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеудін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Тақпақ жаттау</p> <p>Қоян</p> <p>Есек құлактас</p> <p>Ит сирақтас, Түйе еріндес, Жапалақ көздес, Бұта түбі қеуегі, Keyegінде көжегі. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын,</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>теңселеді. (Маймандау, конжық жүрісіне еліктеу)</p> <p>Маймандайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)</p> <p>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бұгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймандайды. (Маймандал жүру) Д. Ахметова (дene</p>	<p>атауга үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауга тәрбиелеу.</p> <p>Сурет беліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол женімпаз атанады.</p> <p>Ойын іс-әрекеті.</p> <p>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.</p> <p>Қажетті құралдар.</p> <p>Бірнеше белікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
--	---	---	--	--	---

		шынықтыру, көркем сөз)			
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыйтын текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында түріп секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>				
Таңғы ас	<p>Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сұрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p> <p>Ас ішудің мәдениетін</p> <p>Сен есіңнен шығарма.</p> <p>Арқанды түзу ұста,</p> <p>Жан-жағыңа қарама.</p> <p>Асынды ішіп болған соң,</p> <p>"Рақмет!" айт аспазда.</p>				

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың коректері жайлыш білімдерін толықтыру.</p> <p>Барысы. Педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бұршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, қоян, қозы және тағы басқа. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады.</p> <p>(қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануга үрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.</p> <p>Барысы.</p> <p>Қорқақ, ұзын құлак, сұр немесе ақ. (Қоян.)</p> <p>Қоныр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.)</p> <p>Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.)</p> <p>Қу, айлакер. (Тұлкі.)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолданың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда тұлкінің құйрығы, тұлкіде аюдың құйрығы.</p> <p>Жануарлардың көңіл қүйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға</p>	<p>"Дауысынан таны" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді.</p> <p>Балалар қай жануарлардың дауысы екенін табу керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, музыка)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар. Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін!</p> <p>(әлеуметтік-эмоциялық дағдылар, сөйлеуді</p>
---	--	---	---	--	--

			<p>құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа. (коршаган ортамен танысу, танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>		дамыту)
Білім беру үйімінің кестесі бойынша үйімдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын тәмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету.</p> <p>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын тәмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтан басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр</p>	<p>Музика "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жана әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музика жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дүрыс тыныс алу</p>	<p>Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтан басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктікегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шенберге,</p>	<p>Қазақ тілі "Жабайы андардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен</p>

		<p>қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктікегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ күрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>"Межелі орын" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Кедергілерді айналып, еңбектеп жүруді үйрету.</p>	<p>техникасына жаттықтыру; ырғактық қымылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.</p> <p>"Корқақ қоян" ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагогтің іс-әрекетін мұқият қайталау, әуенді және ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>	<p>шенберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p> <p>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету.</p>	<p>сөз тіркестерін айтуды үйрету.</p> <p>"Қай аң жасырынған?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жасырынған анды мұқият табуға дағдыландыру, сипаттау.</p>
2- таңғы ас	Балаларға тاماқ ішер алдында қолды жууға, тاماқтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты жаймай отыруларын қатаң қадағалау; тاماқ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмділігін тілеу; тاماқтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімімен бәтенекесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі жапырақтарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Жапырақтардың жерге түсін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Аспанды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Шырша ағашын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер:

	<p>Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау).</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозгалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият</p>	<p>көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жапырактар жерге неге түседі? Ұл туралы балаларға мағлұмат беру.</p> <p>Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа апликация жасау.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай? - Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі 	<p>дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды уйрету; үлтты ажырата білу, аспан үлтты, үлтсыз екенін байқату;</p> <p>және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту;</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жакқа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;</p> <p>вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар алаңын бір шетінде тұрады.</p>	<p>шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; агаштар әлемінде деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айтуда.</p> <p>Басқа агаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту.</p> <p>Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау.</p> <p>- Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, сұықтан</p>
--	--	--	--	---

	<p>тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялады: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (кұсының) дыбыстағанын</p>	<p>жасыл? - Ағаштардың жапырақтары неге кузде түседі? - Бұл құбылысты не деп атایмыз? Көркем сөз: Жапырақтар саулайды Ағаштың басынан. Ұшып жатыр жан – жаққа Шегетіндей тау қайғы Бұлақтарда тасыған. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау. Еңбек: Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау. Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар аланда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріндер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына карай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барындар, серуендендер", – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкек бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру</p>	<p>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсөң, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).</p>	<p>қорықпайды. - Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желең жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! Еңбек әрекеті: ауланы қурап түскен</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>келтіреді. (дene шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дene, қимыл қозғалыстарын дамыту.</p>	<p>Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды жаттығулар: Баскетбол ойынындағы жаттығуларды жасап үйрену.</p>	<p>жаттығуына машиқтандыру.</p> <p>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қантар.</p> <p>Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машиқтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-тендігін дамыту.</p> <p>Еңбек әрекеті: курап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Құралдары: қолғаптар, қалтар.</p> <p>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс.</p> <p>Балалардың еркін</p>	<p>жапырақтардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу</p> <p>"Тұзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.</p> <p>"Ку тұлкі" қимыл-қозғалыс ойны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - тұлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен</p>
--	--	--	---	---	--

			оыйны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне тандауды үйрету.	шенберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шенберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шенбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог тандаған бала "қу тұлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу тұлкі, сен қайдасың?" деп, үш рет сұрайды. Соңғы
--	--	--	---	--

					<p>сұрактан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "ку түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "ку түлкіден" қашып құтылу керек. "Ку түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шенбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>
Серуеннең оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуга машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сұрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Ас ішудің мәдениетін				

	<p>Сен есінен шығарма. Арқанды тұзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асынды ішіп болған сон, "Рақмет!" айт аспазға.</p>					
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үййіктауына жайлыш жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Төсектегі жаттығулар. Үйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. 2. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын түю, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын бастарына қояды, сол және оң аяқтарын кезекпен көтеру, жоғарыда екеуін қосып ұстап тұру, ақырын түсіру. 4. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебу. <p>Төсектен тұрғызу. (дene шынықтыру, дербес әрекет)</p>					
Бесін ас	<p>Сабынды көпіртіп алғып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сұрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p> <p>Ас ішудің мәдениетін Сен есінен шығарма. Арқанды тұзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асынды ішіп болған сон, "Рақмет!" айт аспазға.</p>					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	<table border="1"> <tr> <td>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын</td><td>"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.</td><td>Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері.</td><td>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Коян орманға Мақсат-міндеттері.</td><td>Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері.</td></tr> </table>	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Коян орманға Мақсат-міндеттері.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері.
Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Коян орманға Мақсат-міндеттері.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері.		

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>жаттау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуда ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету.</p> <p>Сөздік жаттығуы.</p> <p>"Төлдерін ата".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Андардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тіліндегі атауда дағыландауды.</p> <p>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Кім тез жүгіреді?" құмылды ойыны.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір</p>	<p>Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді.</p> <p>Балалар қай жануардың дауысын екенін табу керек.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Қорқақ қоян".</p>	<p>Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету.</p> <p>Саясақ жаттығуы.</p> <p>"Қонжық".</p> <p>Қонжық жүрсе орманда,</p> <p>(жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау)</p> <p>Томпаң-томпаң басады.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жана әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету;</p> <p>музыкалық</p>	<p>барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру;</p> <p>Саясақ жаттығуы.</p> <p>"Қонжық".</p> <p>Қонжық жүрсе орманда,</p> <p>(жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау)</p> <p>Томпаң-томпаң басады.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жана әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету;</p> <p>музыкалық</p>	<p>Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алғып, тенекі жарты шенберге бүктеуді үйрету.</p> <p>Құрылыш нәтижесімен ойнату.</p> <p>"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстытынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
---	--	--	---	---	---

	<p>сызықта тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ пен қолдың қимылын сәйкестендіріп, бәріне еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағыттағана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ женғен болып есептеледі. (дene шынықтыру)</p> <p>"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғакты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, үйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктерін арттыру.</p> <p>"Қорқақ қоян" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық жетекшіге ілесе ән</p>	<p>(саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертек орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы.</p> <p>Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға</p>	<p>шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағыттағана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ женғен болып есептеледі. (дene шынықтыру)</p> <p>Вариативті компонент/Шыгарма шылық</p> <p>"Қоянның жаңа тоны".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту;</p>	<p>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Жабайы жануарлар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Жабайы жануарлардың төлдерін ата".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жабайы андар мен олардың күшіктерін табуды үйрету.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Барысы.</p> <p>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуіші рөлін атқарады.</p> <p>Жүргізуіші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жанжануарды, құсты, есімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойынши балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық</p>	<p>айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Қоян".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қоянның ерекшеліктері</p> <p>арқылы балалардың сөздік қорын молайту</p> <p>және тілін жетілдіру;</p> <p>қоянның дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау,</p> <p>фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа андармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық</p> <p>"Қоянның жаңа тоны".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыру</p>	<p>қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыруы ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылышымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы үғым беру.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Нениң құлағы?".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>сипаттамасын береді, кейін тапсырма курделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".</p>	<p>ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылышымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру.</p> <p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>"Қоян құлағын түріп".</p> <p>Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)</p> <p>Аңдан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)</p> <p>Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)</p>	
--	--	--	--

			<p>Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау) Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оку күралдарын қолдануға міндетті. (сөйлеуді дамыту)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Кірпіжан" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.</p> <p>Д. Ахметова "Кірпіжан". Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздел аларсың?</p> <p>Жолым көп, жолым көп, Көректі іздеймін.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау).</p> <p>Томпаң-томпаң басады.</p> <p>Қорбаң-қорбаң корбаңдан (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір- біріне қарсы салып, алақандардың ішкі</p>	<p>Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады.</p> <p>Үстел басында отырған бала кез келген жабайы андар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады.</p> <p>Жұп</p>	<p>"Тұлкі" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.</p> <p>Төлеу Шаханов "Тұлкі".</p> <p>Жем іздел жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді қуын-ай! (көркем әдебиет)</p>	<p>"Қасқыр" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу.</p> <p>Жұсіп Қыдыров "Қасқыр".</p> <p>Көрдіңіз бе әне, аға, Атам құған арланды! Тұнде шауып қораға Дүркіреткен бар малды.</p> <p>Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. (көркем әдебиет)</p>

	Корек көп, корек көп, Тауып алыш, жеймін. (көркем әдебиет)	жағымен соққылау), Бізді көрсө қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау). (сөйлеуді дамыту)	құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, тәнгимдық дағдылар)		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киуін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын	Жапырақтардың жерге түсін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Жапырақтар жерге неге түседі? Бұл	Жанбырлы күн туралы сөйлесуді (немесе бақылауды) жалғастыру. (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері: Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жанбырлы күні кажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жанбыр"	Аспанды бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажыратса білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозгалысы және өзгерісі жөнінде	Шырша ағашын бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.

	қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналуа). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозгалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шашшандықка баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялады: - Ертең ауылым	туралы балаларға мағлұмат беру. Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа апликация жасау. Сұрақтар: - Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай? - Жапырақтары ең көп түскен ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі жасыл? - Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары неге күзде түседі? - Бұл құбылысты не деп атайдыз? Көркем сөз: Жапырақтар саулайды - Ертең ауылым	қимыл-қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңынан бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашиқ, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар аландада жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріндер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына	бакылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозгалатынын, біртебірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады. Жұмбак. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер	Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты құні ерекше сұлу екендігін аңғарту. Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау. - Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, сұықтан қорықпайды. - Шыршаның бұтактарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды
--	---	--	---	---	--

	<p>көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады.</p> <p>Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт!</p> <p>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек.</p> <p>Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.</p> <p>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дұбыстағанын келтіреді. (дene шынықтыру)</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: дене, қимыл қозғалыстарын</p>	<p>Ұшып жатыр жан – жаққа Шегетіндей тау қайғы</p> <p>Бұлақтарда тасыған. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау.</p> <p>Еңбек: Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды жаттығулар: "Жоғары секір". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша</p>	<p>қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты!"</p> <p>Барындар, серуендендер", – дейді, ойын қайта басталады.</p> <p>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру</p> <p>жаттығуна машиқтандыру.</p> <p>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.</p> <p>Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет</p>	<p>төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Несерлесең, нөсерлет.</p> <p>"Не жөнінде айтылады?" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлынғыр наизағай ойнайды).</p> <p>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап</p>	<p>сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны</p> <p>тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі.</p> <p>Жасыл желек жамылған</p> <p>Міне, сұлу шыршамыз</p> <p>Инелері тағылған</p> <p>Қандай сұлу шыршамыз!</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы қурап түскен жапырақтардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге</p> <p>тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу</p> <p>"Тұзу жолмен"</p>
--	--	---	---	--	--

	дамыту.	жылдам әрекет етуді үйрету, жолдастық сезімді тәрбиелеу.	етуге машиқтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	отырып; қозғалыс тепе-тендігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне тандауды үйрету.	қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. "Қу тұлқі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - тұлқі!” сигналы бойынша қолға түспей, ұлken шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші
--	---------	--	---	---	---

шенберге жиналады.
Олар педагогтің
нұсқауы бойынша
көздерін жұмады, ал
жүргізуіші-педагог
балаларды шенбер
сыртында жүріп, кез
келген баланы сәл
түртіп қалады.
Осыдан бері педагог
таңдаған бала "қу
тұлкі" болып
саналады.
Ал ойыншы-балалар
болса, жан-
жақтарына қарап:
"Қу тұлкі, сен
қайдасың?" деп, үш
рет сұрайды. Соңғы
сұрақтан кейін бұдан
бері жасырынып
тұрған "қу тұлкі":
"Мен мындамын!" -
деп дауыстайды.
Осы жерден бастап,
балалар жан-жаққа
"қу тұлкіден" қашып
күтылу керек. "Қу

					тұлқі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларга алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттөн шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Балалардың еркін ойыны.
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішү рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Kітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; Аңдар жайлы ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткізілген әндерді қайталау. Аңдардың жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалыстарын көрсету. (музыка) Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, аңдар түрлерін таңдап мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар. "Домино" дидактикалық ойыны.				

	<p>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p>					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">Ата-аналарға кеңес. "Балаларды сүйктан қалай қорғауға болады?"</td><td style="width: 25%;">Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."</td><td style="width: 25%;">Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..."</td><td style="width: 25%;">Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".</td><td style="width: 25%;">Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.</td></tr> </table>	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды сүйктан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."	Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..."	Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".	Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.
Ата-аналарға кеңес. "Балаларды сүйктан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."	Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..."	Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".	Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.		